



**Ата-аналар кезекшілігінің 2024-2025 оқу жылындағы  
жылдық есебі**

2024–2025 оқу жылы барысында мектепте оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру, оқушылардың тәртіп мәдениетін арттыру және ата-аналармен тығыз байланыс орнату мақсатында ата-аналар кезекшілігі жүйелі түрде жүргізілді.

Кезекшілік қыркүйек айынан бастап мамыр айына дейін белгіленген кесте бойынша өтті. Әр сынып бойынша ата-аналар тізімі жасалып, апта сайын кезекшілік кезегі ауыстырылып отырды.

**Кезекшіліктің мақсаты:**

- Оқушылардың мектепке уақытылы келуін қадағалау;
- Мектеп ауласы мен дәліздердегі тәртіпті сақтау;
- Асханадағы тазалық пен тамақтану тәртібін бақылау;
- Оқу үдерісіне қолайлы орта қалыптастыру;
- Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

**Ата-аналардың атқарған жұмыстары:**

- Таңертеңгілік уақытта оқушыларды мектепке кіре берісте қарсы алып, сыртқы киімдерін дұрыс шешуін және киімдерін реттеп қоюын бақылап отырды;
- Сабақ уақытында мектеп дәлізінде және аулада кезекшілік етіп, оқушылардың себепсіз жүруіне жол бермеді;
- Асханадағы санитарлық жағдайды, тағам сапасын және балалардың дұрыс тамақтануын назарда ұстады;
- Оқушылармен әдеп, мінез-құлық, ұқыптылық, тазалық сақтау туралы тәрбиелік әңгімелер жүргізді;
- Сынып жетекшілерімен және мектеп әкімшілігімен тығыз байланыста болып, өз ұсыныстарын айтып отырды;
- Мектеп ауласының тазалығына, гүлзарлардың күтіміне де атсалысты.

**Ата-аналардың белсенді араласуының арқасында:**

- оқушылардың мектепке келу тәртібі жақсарды;
- кешігу мен себепсіз қалу фактілері азайды;
- мектеп ауласындағы және дәліздердегі тәртіп нығайды;
- оқушылар арасында мәдениеттілік пен жауапкершілік деңгейі артты;
- ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара түсіністік пен серіктестік күшейді.

Барлық ата-аналар өз кезекшіліктерін жауапкершілікпен атқарып, оқу-тәрбие жұмысына үлес қосты.

Мектеп әкімшілігі ата-аналардың белсенділігі мен қолдауын ерекше атап өтеді.

### **Қорытынды:**

2024–2025 оқу жылындағы ата-аналар кезекшілігі өз мақсатына жетті.

Бұл жұмыс мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтып, оқушылардың тәрбиесіне оң әсерін тигізді.

Ата-аналар тарапынан көрсетілген көмек пен қолдау үшін алғыс білдіреміз.

Қосымша: Фотодәйектеме





